

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024/2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы МКҚК «№3бөбекжай»

Топ/сынып: мектепке дейінгі ұйымның мектепалды тобы/мектептің (лицей, гимназия)
мектеп алды сыныбы

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Кезеңі: қараша

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Бұрын үйренген дене жаттығуларын қайталау, қозғалыс дағдылары мен білуді бекіту және жетілдіру.</p> <p>Негізгі қимылдар. Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру.</p> <p>Жүгіру. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.</p> <p>Сап түзеу, сапқа қайта тұру. сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,</p>

	<p>сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Арқамен жатып, денені көтеру және түсіру. «Тербелме» тәрізді отыру күйінен алға-артқа аунап түсу (5-6 рет). Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу.</p> <p>Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киімге күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс, анық айту қабілетін бекіту, есту арқылы ажырата білуге және артикуляциясы мен дыбысына ұқсас дауыссыз дыбыстарды: с – з, с – ц, ш – ж дұрыс, анық айтуға үйрету. Дыбыстардың нақты артикуляциясын жасау.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен</p>

	<p>диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды: ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ айту.</p> <p>Сөздік қор. Азық-түлік, ыдыс-аяқ, жиһаздардың, жемістердің, көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Жиынды (заттар тобы) сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру.</p> <p>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p>

	<p>Шама. Бес және одан артық заттардың ұзындығын, биіктігін анықтай білуге үйрету. Сөйлеуде математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш) мен денелерді (шар, текше) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді түсінуіне ықпал ету. Туыстық байланыстарды түсіну (атасы мен әжесі, жақын туыстары), өзінің жеті атасын білу.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін және қолданылуы туралы түсінігін бекіту. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтай және атай білуге үйрету.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну.</p> <p>Еңбекке баулу. Ата-анасының еңбегі туралы әңгімеде еңбек процесі туралы білімді қолдана білуге үйрету, еңбектегі адамдардың өзара байланысын байқау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Туған өлке,</p>

	<p>ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Балалардың жол белгілері (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол), көлік қозғалысы, бағдаршам жұмысы туралы білімін нақтылау.</p> <p>Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» (су, ауа, мұз сүнгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр) ұғымымен таныстыру. Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері: ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақ» ұғымдарымен таныстыру.</p> <p>Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.</p> <p>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді орындауға балалардың саналы көзқарасын тәрбиелеуді жалғастыру.</p>
Сурет салу	Парақта заттардың кеңістіктегі орнын беру, заттардың жазықтықта әр түрлі орналасуы мүмкін екенін түсіну (тұру, жату және қалпын өзгерту).
Мүсіндеу	Табиғаттан және елестету бойынша көкөністер мен жемістерді мүсіндеу қабілетін қалыптастыру.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.
Құрастыру	Ауызша сипаттама бойынша құрылымдарды құру қабілетін қалыптастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) жасай білуге үйрету.

Музыка

Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.

Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, музыкалық фразалар арасында тыныс ала білуге үйрету.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету.

Билер. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді орындауға үйрету.